Ал, «Мемлекет қайраткерлерінің даналығы» трактатында әл – Фараби өзін шығыс ойшылы ретінде танытты. Ол енді үлгілі, әділетті қоғам мен мәңгілік елдікке бастаушы ақылды, қайырымды билеуші туралы аңсайды. Оның ойынша, адам надан билеуші билеген елден ғылым – ілімнің дамуына қамқорлық жасап отырған білімді билеушісі бар елге кетуі тиіс. ХХІ ғасырда өмір сүріп отырған қазақ ұлты, әл – Фараби сынды ұлы бабасы аңсаған мәңгілік елдікке бастаушы көреген дана һәм қажымас қайраткер Елбасының тарихи шындыққа айналғандығының куәсі болып отыр.

Ж.Баласағұнның (1017 - белгісіз) көзқарастары «Құтты білік» дастанында көрініс тапты. Ж. Баласағұн әміршінің өз халқы алдындағы үш қасиетті міндетін көрсетті. Біріншіден, билеуші мемлекетін күмістей таза ұстауы қажет. Екіншіден, билеуші заңдары бірін – бірі жоққа шығармауы қажет. Үшіншіден, билеуші өз еліндегі ең мардымсыз өзгерісті де біліп отыруы қажет.

Сол сияқты халықтың да үш қасиетті міндеті бар. Біріншіден, халық өз билеушісін құрметтеуі. Екіншіден, халық әмірші салған алым – салықтарды уақытында төлеп тұруы. Үшіншіден, халық қашанда өз әміршісінің жанында табылуы қажет.

Осы қасиетті міндеттер дұрыс атқарылуы үшін әмірші мен халық қоғамдық келісім жасауы тиіс. Осы жерде көрсетілетін ақиқат әрі біз үшін мақтаныш сезімін тудыруы тиіс факті Еуропа ақыл – ойында қоғамдық шарт теориясы (Т.Гоббс, Д.Локк және т.б.) тек Жаңа кезеңнен бастап даму алды.

Егер әл – Фараби мұрасы адамгершілік, әділеттілік қағидаларына толы болса, Ж. Баласағұн мұрасы қазіргі дәуірмен үндесіп жатыр. Мұның өзі олардың мәдени мұрасын терең зерттеу қажеттігін көрсетеді.

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында, - «Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек», - деп жазылған.

2. Сопылық ағым өкілдерінің қоғамдық – саяси көзқарастары Қ.А. Иассауи, С.Бақырғани және т.б. мұсылман дінін уағыздаушылар ойларында көрініс тапты. Олар жаратушыға деген ұлы сүйіспеншілікке шақырды. Өзінің «Диуани хикмет» (Ақыл кітабы)



атты еңбегінде Қ.А. Иассауи халықтың өз билеушісіне қарсы шығуын үлкен күнә санады. Сопылық ағым өкілдері билеушіні қайырымды болуға шақырды. Егер әкесі ұлына қандай қамқорлық көрсетсе, әмірші де өз халқына осындай қамқорлық көрсетуі қажет. Мәңгілік елдіктің ең басты қағидаларының бірі мемлекет мен халық бірлігі. Осы тұрғыдан келетін болсақ, сопылық ағым өкілдерінің қоғамдық – саяси көзқарастарының, қазіргі қазақ елі халқының қоғамдық санасымен үндесіп жатқандығын көруге болады және мұның өзі елдің саяси тұрақтылығы мен экономикалық гүлденуінің ең басты алғышарттарының бірі.

Сан ғасырлар бойы исламдық жолды ұстанған ата-бабаларымыз осы дінге лайықтап өз әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, наным-сенімін қалыптастырған, әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған. Қазақстанда тәуелсіздіктің екі онжылдығы барысында діни институттардың сан жағынан да, сапа жағынан мәнді өсуі болды. Діни бірлестіктер саны бірнеше есе өсіп кетті, рухани дәстүрлер қайта өрлей бастады, жаңа ғибадатханалар салынуда – мешіттер, шіркеулер, ғибадат үйлері, синагогалар салынды. Халықтың діндарлығының деңгейі өсті. Халықтың тұтастығы мен діннің тұтастығы және мемлекеттің тұтастығы арасында тікелей тәуелді байланыс бар екенін ескерелік. Қазақ топырағы арқылы барлық әлемдік діндер өткен, сондықтан да жатырқаушылық немесе діни фанатизм сезімі бізге жат. Осынау рухани дәстүр, жаратушының қандай жолмен болса да түскен сөзіне жүрегіміздің ашықтығы, Қазақстандағы конфессияаралық татулықтың аса маңызды тұғырларының бірі.

3. Жыраулар мен ақындардың қоғамдық – саяси көзқарастары. Олардың көзқарастары көшпелі ортаның өз ішінде қалыптасып дамыды. Ең көрнекті өкілдері Асан Қайғы мен Бұқар жырау.

Ағылшын гуманисті Томас Мордан жүз жыл бұрын өмір сүрген Асан Қайғы (1361 – 1469) өз қиялындағы аралын (Утопия) іздеді. «Жерұйықта» адамдар бақытты өмір сүреді, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман болды. Бұл әлеуметтік утопизм идеясының алғашқы көрініс табуының бірі болды.

«Мәңгілік ел» идеясы қазақ ұлтының ұлы данасының осы бір арқалы идеясымен терең астасып та тұстасып та жатыр. Асан Қайғының «Жерұйық» идеясы адам баласының ақыл-ойы дамуының тарихындағы аса ұлы идеялардың бірі. Бұл да – өте терең, ұлы гуманизмге толы ғажап идея. Халқының болашағын ойлап, ұлтының қамын жеген дана һәм дара ойшыл қазақтың кең даласын шарлап адамға да, малға да жайлы жұмақ болар жерді іздейді. Сол жерде қазақ халқының жаңа Ордасын, Мәңгілік елін құруды мақсат етеді. Ол елде жұрттың бәрі тең, бәрі шат – шадымен тіршілік етеді. Ел аласы, ру таласы болмайды. ХХІ ғасырдағы қазақ ұлты, дана бабасы аңсаған «Жерұйықта» өмір сүріп отырғандықтарын, Мәңгілік елге бастаған ел туының астына топтасып, жарқын да мәңгілік болашақ жолына нық қадам басқандықтарын мақтаныш сезіммен алға тарта алады.

Бұқар жырау (1685 – 1777). Қазақ даласында өте күшті орталықтандырылған мемлекет болуын аңсаған жыраулар тобының бастауында тұрды. Ол күшті хан билігін жақтады. Хан жанында «Хан кеңесі» болуы тиіс. Хан олардың ақылын өзі қажет деп санаған жағдаяттарда пайдаланады. Қазақ жырауларының алыбы Бұқар жырау аңсағын өте күшті орталықтандырылған мемлекет ХХ ғасырдың аяғында, құрылды. Қазақ елі Бұқар жырау аңсаған «Хан кеңесінің» қазіргі заманға лайықты түрі қос палаталы кәсіби Парламентке ие болды. Бұл билік нысандары, қазақ елін Мәңгілік елге бастар саяси институттар болып табылады.

4. Қазақ ағартушыларының қоғамдық – саяси көзқарастары орыс ағартушылары мен революционер-демократтар ықпалымен дамыды. Ағартушылық негізгі білім, ғылым бәрін түзейді, бәрін құтқарады деген қағидаға табыну болды.

Ш.Уәлиханов (1835 – 1865). Көшпелі қоғам әлеуметтік құрылымы мен сот жүйесін зерттеді. Оның көзқарастары «Даладағы мұсылман діні», «Сот реформасы туралы хат» және т.б. еңбектерінде көрініс тапты.



Өзінің «Алтышардың ар жағында немесе Қытайдың Нан – Лу провинциясының алты шығыс қаласындағы 1858 – 1859 ж.ж. жағдай» атты еңбегінде, мұсылман дінінің Шығыс халықтарының саяси, азаматтық өміріне тигізіп отырған зор әсері туралы жазды. Барлық мұсылман шығысында Құран азаматтық мекемелер негізі. Ол қоғамдық және халықтар арасындағы қатынастарды реттейді, сол себепті – де мұсылман елдері халықтарының өмірі бір – біріне ұқсас [5, 28 б.].

Құранды игерудегі кейбір айырмашылықтар, сол елдің жағырафиялық орналасуына тәуелді. Егер, жағырафиялық факторлардың қоғамның әлеуметтік және саяси өміріне тигізетін әсерін зерттеу қажеттілігін адамзат шын мәнінде тек XIX ғасырдың аяқ кезінен сезіне бастағанын ескерсек Ш.Уәлихановты жағырафиялық саясат теориясының негізін қалаушылар Ж. Баден, Ш.Л. Монтаскье есімдерімен қатар атауға болады.

Қазіргі қазақ елінің жағырафиялық саяси орналасуы өте күрделі. Қазақ елі үш діни өркениет ислам елдері, христиан елдері мен будда – конфуциан елдерінің бір – бірімен теке – тіресе түйіскен қиылысында орналасқан. Әлемде белең алған жаһандану дәуірінде ата – бабамыздан қалған дәстүрлі ұлттық құндылықтарымызды, осы қиылыстан аман алып шығу Елбасы ұсынған Мәңгілік ел идеясында жатыр. Мәңгілік ел идеясын дамытуда қазақтың ғұлама ұлы Ш.Уәлихановтың жағырафиялық – саяси идеяларын пайдалану ұлттық құндылықтарымызды әлемге мойындатудың бірден – бір жолы әрі ол Мәңгілік елдіктің рухани – идеялық тіректерінің бірі болары сөзсіз.

5. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қоғамдық – саяси көзқарастары. Қазақ елінің Мәңгілік елдігінің ғылыми – теориялық базасын XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары қалады. Олардың артына қалдырған ғылыми мұралары орасан зор және қай – қайсысынан болмасын қазақ елінің Мәңгілік елдікке жетуіне қажетті ғылыми – теориялық тұжырымдар мен қолданбалы – тәжірибелік ұсыныстар табуға болады. Қазақ зиялылары енгізген діни талаптар мен зайырлы құндылықтардың бір – бірін толықтыра өмір сүруі ұстанымдары, діни және зайырлы ерекшеліктерді біріктірген сайлау жүйесі, әлеуметтік төңкерістер жағдайында ұлттық мемлекеттілікті құру ұстанымдары қазіргі заманда да ең озық идеялар болып отыр. Қазіргі Батыстың атақты геосаясатшылары С. Хантингтон, З. Бжезинский, Ф. Фукуяма еңбектерінен XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ойларын табуға болады.

XX ғасырдың басында бірінен соң бірі болған әлеуметтік төңкерістер Ресей империясының біртұтас мемлекеттілігінің іргесін шайқалтты. Бұл өзгерістер отан, ел, ұлт тағдыры туралы өткір пікірталастарға жол ашты.

М.Дулатовтың «Оян, қазақ!» жырымен ілесе қазақ зиялыларының ұлттық сана – сезімі қалыптаса бастады. Ұлттық сана – сезімінің бекуіне 1916 жылғы ұлт – азаттық көтеріліс үлкен әсер етті. Ұлт зиялылары көзқарастарында ұлттық мақтаныш, ұлттық мәдениет сезімдері көрініс тапты.

Бұл кезеңде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, М.Тынышпаев, М.Шоқаев және т.б. ұлт зиялылары қазақ жерінің мемлекеттік тәуелсіздігі идеясын көтерді. Қазақ жері тұңғыш рет саяси тартыс сахнасына айналды. «Алаш», «Үш жүз» атты екі ұлттық партия және көптеген ұлттық саяси ұйымдар құрылды. Бұлар артына орасан зор қоғамдық – саяси идеялар қалдырды. Осы идеяларды зерттеп, қазіргі ұрпақ пайдасына жарату тарих ғылымының кезек күттірмейтін міндеті болып табылады.

Қорытынды

«Қазақстан – 2050» Стратегиясында XXI ғасырдың он жаһандық сын-қатері алға тартылып отыр. Стратегиядан үзінді келтіретін болсақ, - «Тарихи уақыт аса жеделдей түсуде. Әлем қарқынды түрде өзгеруде және болып жатқан өзгерістердің жылдамдығы адамды таң қалдырады». Енді Қазақ елінің геосаяси жағдайын саралайтын болсақ, бұл қатерлердің өзектілігі арта түседі. Себебі, Қазақстан үш діни-саяси өркениет христиан, ислам және будда – конфуциандық әлем қиылысында орналасқан ел. Оларға тән қайшылықтар мен бір-бірімен



теке- тіресушілік осы геосаяси ортада аса асқына түседі және мұны соңғы уақыттарда Орта Азия аумағында орын алған жаһандық деңгейдегі бірқатар оқиғалар дәлелдей түседі.

Тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халқын ортақ мақсатқа жұмылдыру, барлық этностық топтардың тең құқықта тұрмыс кешуіне жағдай жасау мемлекеттік ұлттық саясаттың басты, басым бағытына айналды. Ал кез келген мемлекеттің саяси, экономикалық тұрақты дамуының басты шарты тату этносаралық қарым-қатынасты қалыптастыру екендігі тарихи тұрғыдан өзін толық дәлелдеген.

Қазақстан ең алдымен елімізді мекендейтін барлық тұрғынды этностық, нәсілдік ерекшеліктеріне қарамастан, біртұтас, унитарлы мемлекеттің азаматы ретінде қарастырып, тең мүмкіндіктер бере білді. Этностық топтардың өз тілі мен дәстүрін, әдет-ғұрыптарын дамытуға толықтай мүмкіндіктер жасалды. “Қоғамдық бірлестіктер туралы” Заң арқылы этностық-мәдени орталықтар құру жүйелі жолмен іске асырылды. Қазір Қазақстанда қазақ, орыс театрларымен қатар, кәріс, неміс, ұйғыр, өзбек театрлары жұмыс істеп, этностық топтардың газет-журналдары жарық көруде.

Қазақстандағы толеранттық бір күнде қалыптасқан жоқ, оның негізі, әрине, қазақ халқында жатыр. Бүгінгі қазақ халқының толеранттығының тамыры тым тереңде. Ол сонау халықтардың депортациясы кезінде алпыстан астам ұлт өкілдерін қабылдап, жарты нанды бөліп беріп, бір бөлмелі құжырасынан орын берген кезден басталады.

Мәңгілік Ел идеологиясы бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ төңірегіне бүкіл қазақстандықтарды біріктіруі қажет. Қазақстандық қоғамның басты құндылықтарын айқындайтын «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі атты жаңа құжат қабылданды. Қасиетті Қазақ елін өз Отаны санайтын барша қазақстандықтар бұл шараға өз үлестерін қосуға тиісті. Қазақтың Мәңгілік Елінің болашағы – Мәңгілік Елдің айбынды да дана ұрпақтарының қуатты қолында!

ӘДЕБИЕТ

- [1] Гумилев Л. Н. Этногенез и биосфера земли. – М., 1983. – 185 с. С.5
- [2] Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. – 450 бет. 14 бет.
- [3] Лаумулин М.Т. Сырттан көзқарас. Қазақ жинағы. – Алматы., 2014. – 120 бет. QA71-84 беттер.
- [4] Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Летопись трех тысячелетий. – Алматы, 1992. – 600 с. С. 52
- [5] Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1985. – 450 бет. 28 бет.

REFERENCES

- [1] Gumilyov L.N. Ethnogenesis and the biosphere of the earth. – M., 1983. – 185 p. C.5 [Gumilev L.N. Land of ethnogenesis and biosphere. - M., 1983. - 185 p. S. 5].
- [2] Wälixanov Ş. Şığarmalar jınağı. – Almatı, 1985. – 450 bet. 14 bet. [Ualikhanov Sh. A collection of works. - Almaty, 1985. - 450 pages. 14 pages].
- [3] Lawmwlin M.T. Sırttan közqaras. Qazaq jınağı. – Almatı., 2014. – 120 bet. QA71-84 better. [Laumulin M.T. An outsider's view. Kazakh collection. - Almaty., 1994. - 120 pages. Pages 71-84].
- [4] Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. Chronicle of three thousand years. – Almaty, 1992. – 600 p. P. 52 [Klyashtorny S.G., Sultanov T.I. Annals of three millennia. - Almaty, 1992. - 600 p. S. 52].
- [5] Wälixanov Ş. Şığarmalar jınağı. – Almatı, 1985. – 450 bet. 28 bet.[Ualikhanov Sh. A collection of works. - Almaty, 1985. - 450 pages. 28 pages].



Шайхиева Б.Т.

**ИДЕЯ «МАНГИЛИК ЕЛ» В ИСТОРИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ПОЛИТИЧЕСКОЙ
МЫСЛИ И ЭТНОПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА**

Единство народа и его будущее невозможно без опоры на духовное наследие прошлого, без обращения к истокам национального самосознания. Обретение независимости дало нашему народу исторический шанс на возрождение собственной государственности и восстановление духовного сокровища нации. В связи с этим особое место в этом процессе играет изучение отечественной политической мысли. В этнополитике государства спустя века возрождена идея «вечной страны», которая должна стать ключевым идейным основанием строительства сильного государства. В условиях глобализации идеологическое обеспечение сохранения национальной идентичности приобретает особую значимость.

Ключевые слова: *Вечная страна; идеология; независимость; нация; историческое сознание; будущее.*

Shaihieva Bulbul

**THE IDEA OF "MANGILIK EL" IN THE HISTORY OF NATIONAL POLITICAL
IDEAS**

The unity of the nation and its future is impossible without the support of the spiritual heritage of the past, without reference to the origins of national consciousness. The independence gave our nation a historic opportunity for the revival of their own state and the restoration of the spiritual treasures of the nation. In this regard, a special place in this process is the study of national political ideas. Centuries later the Message of the President revived the idea of "eternal country", which should become a key ideological foundation of building a strong state. In a globalized ideological support preservation of national identity acquires special importance.

Keywords: *Eternal country; ideology; independence; nation; historical consciousness; future.*

ГЕОГРАФИЯ – GEOGRAPHY

ӘОЖ 711.5(479.22)

ҒТАХР 39.21.15

DOI 10.37238/1680-0761.2023.92(4).82

Ходжанова Б.Х.**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан****E-mail: Hodzhanova.b@mail.ru**

ГРУЗИЯ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Грузия мемлекетінің шаруашылығының құрылымы және территориялық ұйымдастырылуы жайлы мәселе қарастырылады. Ел шаруашылық құрылымында бірінші кезекте елдің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайына сипаттама беріледі. КСРО-ң ыдырауы нәтижесінде елдегі тұрақты дамығын экономикалық байланыстар бұзылып құлдырау жағдайына жетеді. Елдегі ЖІӨ бес есеге дейін төмендеді. Шаруашылығында өнеркәсіп үлесі төмендеп, ауыл шаруашылығы үлесі артты. Мемлекет аумағында отын-энергетика, металлургия, химия және мұнай-химия, машина жасау және металл өңдеу, орман және ағаш өңдеу, жеңіл, тамақ өнеркәсіп салалары жолға қойылған.

Ал қазіргі ауыл шаруашылық саласының үлесі барынша азаюда, ауыл шаруашылығының үлесі 34 пайыз ғана. Елдегі өсімдік шаруашылығының үлесі 57 пайыз, мал шаруашылығы 43 пайызды құрайды. Өсімдік шаруашылығының қарқынды дамуына жер бедерінің таулы болып келуі кері әсерін тигізіп отыр. Ел территориясында жүзім, цитрус, құрма, фейхоа, лоқат, інжір, анар, лавр және шай ағаштары. Сонымен қатар дәнді дақылдар, картоп, бақша дақылдары және жем-шөп бағытындағы шөптесін өсімдіктер, ал техникалық дақылдардан темекі, күнбағыс өсіріледі.

Мал шаруашылығында сүтті-етті бағытындағы ірі қара, қой және ешкі, шошқа шаруашылығы жолға қойылған. Көлік кешені бойынша ел аумағында автомобиль, теңіз, құбыр, әуе көлігі жолға қойылған.

Кілт сөздер: Грузия мемлекеті; Тбилиси қаласы; Қара теңіз; Каспий теңізі; Кавказ таулары; Риони өзені; Кольхида ойпаты.

Кіріспе

Грузия парламенттік типтегі унитарлық республика. Жоғары өкілді орган бұл Парламент, заң шығарушы билік құрамы 150 мүшеден тұрады. Парламент округтер бойынша 4 жылға көп мандатты мерзімге сайланады.

Ел басшысы – президент, 300 адамнан тұратын сайлау алқасы сайлайды, оның құрамын Грузияның Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

Жоғарғы орган атқарушы билік Грузия үкіметі. Үкіметті премьер-министр басқарады.

Ірі саяси партиялар: Грузин арманы, Демократиялық Грузия, Ұлттық қозғалыс, Нино Буржанадзе демократиялық қозғалысы, Біздің Грузия-еркін демократтар және т. б



Әкімшілік құрылымы: Конституция бойынша Грузия мемлекетінің территориясы 2 автономиялық республикаға бөлінген Абхазия және Аджария, 9 өлке және Тбилиси қаласы да өлкемен теңестірілген.

Грузияның географиялық орналасуындағы негізгі ерекшеліктер—оның Қара теңізге және халықаралық теңіз коммуникацияларына шыға алуы. Ел Закавказьенің орталық және батыс бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде Абхазиямен, Оңтүстігінде Осетиямен, Қарашай-Черкес, Кабардин-Балкар, Солтүстік Осетия, Ингушетия, Шешенстан және Дағыстанмен, шығысында-Әзірбайжанмен, ал оңтүстігінде - Армения мен Туркиямен шектеседі.

Грузия мемлекеті батысында Қара теңізі суымен шайылып жатыр.

Грузияның экономикалық-географиялық орналасуының өте қолайлы болуы, оның дамуына маңызды фактор болып саналады.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін, Грузияның геосаяси жағдайы нашарлай түсті. Географиялық орналасуындағы тиімділігі, көптеген мемлекеттердің қызығушылығын туғызды. Мұның себептерінің бірі- Грузияның Каспий аймағынан (ең алдымен Әзірбайжан) бірнеше мұнай және газ құбырлары салынған елдің транзиттік рөлі артты. Бұл Парсы шығанағы елдеріне энергетикалық тәуелділікті азайту үшін Әзірбайжан, Қазақстан және басқа мемлекеттердің мұнайын пайдалануға мүдделі, Батыс Еуропа мен АҚШ елдерінің де назарын аударады [1].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай. КСРО-ның ыдырауы нәтижесінде Грузия тек саяси тәуелсіздікке ғана емес, сонымен бірге айтарлықтай экономикалық әлеуетке ие болды. Алайда, либералды және Ресейге қарсы саясаттың салдарынан ел ең қиын әлеуметтік-экономикалық жағдайға тап болды. Экономикалық байланыстар бұзылып, ішкі қақтығыстар елдерді қиратты. Экономикадағы құлдырау соншалықты терең, 1995 жылы ЖІӨ небәрі 21%, болды. 1990 ж дейін кеңес кезеңінде ЖІӨ көрсеткіштердің 100% жақындаған еді. Жан басына шаққандағы ЖІӨ 10 мың доллардан аспайды. Жекешелендіру барысында жекеменшік сектордың қолына 8 мыңнан астам кәсіпорын ауысып, өндіріс көлемі күрт қысқарды. Шаруашылық құрылымында өнеркәсіптің үлесі құлдырап, ауыл шаруашылығының үлесі артты. Қазіргі уақытта да өнеркәсіп ЖІӨ-нің тек 17% құрайды, ал 2008 жылы 10% негізінен тау-кен саласын дамыту есебінен. Басқа маңызды секторлар көлік және құрылыс болып табылады. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы 8% ғана құрайды және бұл барлық қызмет жеке шаруашылықтарда шоғырланған шағын өндіріс секторы болып табылады. Нәтижесінде бүгінгі күні де бұл секторда халықтың 40%-ға жуығы жұмыс істейді. Мұндай құрылым экономикалық кері кетудің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Егер экономика секторларының дамуының жалпы серпінін бағалайтын болсақ, соңғы 10 жылда қаржы қызметі, қонақ үй бизнесі, өндіруші өнеркәсіп секторлары ең жылдам қарқынмен өсті. Аграрлық сектор іс жүзінде өспей отыр [1].

Өнеркәсібі. Өнеркәсіп үлесіне ЖІӨ-нің шамамен 17% тиесілі (қолда бар мүмкіндіктер 30% қолданады) және онда 10 мыңға жуық адам жұмыс жасайды.

1 – кесте - Грузия өнеркәсібінің салалық құрылымы (1980-2018,%)

Өнеркәсіп салалары	1980	1999	2018
Отын-энергетикалық	4,3	31,8	15,0
Металлургия	4,0	7,5	16,0
Химия және мұнай-химия	3,8	4,1	9,0
Машина жасау және металл өңдеу	13,6	7,1	4,5
Орман және ағаш өңдеу	3,3	1,2	5,5
Жеңіл	21,1	20,0	2,0
Тамақ	41,1	24,5	38,0
Тағы да басқа	8,8	3,8	10,0



Тамақ өнеркәсібі. Грузияның дәстүрлі және маңызды шаруашылық саласы. Ол ауылшаруашылық шикізатын өңдеуге негізделген және шай, шарап және коньяк, темекі өнімдері, эфир майлары, көкөніс және жеміс консервілері, минералды сулар өндірісімен ұсынылған. Қазіргі кезде бұл шаруашылық саласы, шығарылатын өнімнің 1/3 бөлігін береді.

Бірақ бұл шаруашылық саласы 30 жылдан бері дағдарыста, кейбір салалары өзінің жұмысын тоқтатты. Дағдарыстың негізгі екі себебін атауға болады. Біріншіден, шикізаттың құны өзгерді, бұл кәсіпорындардың өнімдерін бәсекеге қабілетсіз етеді. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының көпшілігі ескірген жабдықтармен жабдықталған және ескі технологияларды қолданады.

Соңғы жылдары тамақ өнеркәсібін жаңғырту жұмыстары басталды. Инновациялық кәсіпорындар деп аталатын топ ерекшеленеді. Жекелеген өндірістердің негізінде шетелдік капиталмен бірлескен кәсіпорындар құрылды. Мысалы, Тбилиси шампан шарап зауытының 90% акциясы АҚШ-тың агроөнеркәсіптік қорына, «Тбилвино» акцияларының 49%-голландиялық фирмаға, «Казбеги-Кастель» фирмасының сыра өндіретін акцияларының 60% француздық «Кастель» фирмасына тиесілі. Дегенмен, шарап өнеркәсібі біртіндеп дағдарыстан шыға бастады.

Вино өнеркәсібі. Грузияның тамақ өнеркәсібінің маңызды сегменті. Кеңес заманында шарап құю толығымен бір кәсіпорынға-Тбилиси шарап зауытына (1962ж ашылған) шоғырланды, ал қалғандары тек шарап материалдарын өндірумен айналысқан еді. Тәуелсіздік кезеңінде мұндай орталықтар таратылды, дегенмен «Тбилисвино» ғана Грузия нарығында жетекші орынды сақтап қалды. Бұл компаниядан басқа, шарап өндірісімен шикізат көздеріне жақын орналасқан көптеген шағын зауыттар - дамыған жүзім өсіру аудандарында айналысады. Барлығы 70-ке жуық шарап зауыты тіркелген. Өнеркәсіптік Грузиядан басқа, үйде шарап жасау кең таралған.

Соңғы жылдары шарап өндіру және экспортты барынша артты. Шығарылған өнімнің 60% Ресейге жіберіледі. Грузия басқа да алкогольды сусындар шығарады. Коньяк шығару өнеркәсібі 1980 жылдары жолға қойылды. Тбилиси зауыты коньяк өндірісінде жетекші орынды сақтап қалды, ол «Дэвид Сараджишвили және Энисели» АҚ-ға тиесілі.

Бай ресурстық базаның болуы минералды суларды құю бойынша өнеркәсіпті дамытудың алғышарты болды. Тәуліктің төртінші бөлігі бальнеологиялық мақсатта үштік мақсаттың жартысынан көбі; бальнеология, жылумен жабдықтау, өнеркәсіптік құю, қалғаны тек өнеркәсіптік құю үшін қолданылады. Ең маңызды минералды суларының бірі «Боржоми», ол барлық құйылған судың 85% құрайды. Бұл минералды суды құю осы аттас қалада орналасқан екі зауытта жүзеге асырылады, (Боржоми (халықаралық IDS Borjomi International компаниясының құрамына кіретін, IDS Borjomi Georga компаниясында құйылады. Қазіргі уақытта шығарылым 400 миллион бөтелкеге жақындады.

Шай өнеркәсібі. Грузияда шай өнеркәсібі қиын жағдайда жұмыс жасауда, бұрын 132 шай фабрикалары жұмыс жасаса, қазір тек 25 фабрика жұмыс жасайды. Себебі грузин шайлары сапасы жағынан үнді және цейлон шайларына бәсекелес бола алмайды. Кеңес дәуірінде Грузияда шай шаруашылығының дамуы шай жапырағын қайта өңдейтін кәсіпорын желісінің қалыптасуына әкелді. Жалпы жағдайда, бұл шикізат көздеріне жақын орналасқан шағын зауыттар болды, яғни.негізінен Батыс Грузияда, онда шай өсіру дамыған. Тбилисиде сортты алдын ала оралған шай шығарылды. Тәуелсіздік кезеңінде ауыл шаруашылығының осы саласының құлдырауына байланысты, шай өлшеу зауыттарының көпшілігі жабылды немесе қайта құрылды. Соңғы жылдары шай шаруашылығын жандандыруға тырысқанына қарамастан, шай өндірісі 2-3 мың тоннаға жетпейді (Ресей Федерациясының деңгейінде).

Қара металлургияның (шамамен 10%) негізгі базасы Руставидегі металлургия заводы.



Толық циклді Руставидегі металлургия заводы 1944 жылы негізі қаланды. 1950 жылдан бастап жұмыс жасай бастады. Оның негізгі шикізат базасы Әзірбайжанның Дашкесандағы темір кені орны, Ткварчели және Ткибулидің көмірі, Чиатура марганеці. Қазір зауыт жіксіз ыстықтай илектелген құбырлар мен сортты прокат, арматура, шаршы дайындамалар, шойын, металл конструкциялары және басқа да өнімдер шығарады, дегенмен прокат өндірісі бірнеше есе азайды.

Бірақ бүгінгі таңда металлургияның негізі-марганец өндіру және оны байыту әлемдегі ең ірі марганец концентраттарын өндірушілердің бірі болып табылатын Чиатура марганец кен орны негізінде «Чиатурмарганец» компаниясымен жүзеге асырылады (150-170 мың т). Концентраттың негізгі бөлігі ірі өндіруші және экспорттаушы болып табылатын Зестафон феррокорытпа зауытына түседі (грузин экспортының 15-20%).

Зестафон феррокорытпа зауыты 1933 жылы Зестафониден 28 км қашықтықта орналасқан Чиатура кен орнының марганецін өңдеу үшін құрылды. Ол 40-тан астам түрлі өнім шығарады, олардың ішінде ферромарганец, металломарганец және силикомарганец ерекше маңызды. Өндіріс көлемі 260 мың тонна ферроселикомарганец өндіреді (кеңес заманында шамамен 500 мың тонна өндірілген). Феррокорытпалар грузин экспортының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олардың 80% АҚШ-та сатылады. 2007 жылы ферроспав зауыты және «Чиатурмарганец», сондай-ақ оларды электр қуатымен қамтамасыз ететін Варцих су электр станцияларының каскады (Риони өзеніндегі төрт станция) Georgian manganese Holding Limited еншілес фирмасын құрған ағылшын Stemcor UK Limited фирмасына сатылды. Сол фирма Чиатура кен орнын 40 жыл мерзімге өңдеуге лицензия алды. Кейінірек бұл компания украиналық «Приват» Қаржы-өнеркәсіп тобының (ФПГ-ҚӨТ) қолына өтті.

Түсті металлургия. Түсті металлургия полиметалл кендерін өндіруді жүзеге асыратын «Маднеул» тау-кен байыту комбинаты. Кәсіпорын-Грузияның маңызды экспорттаушыларының бірі. Тау-кен байыту комбинаты түсті металдар кендерін өнеркәсіптік өндіру 1974 жылдан бастап ашық әдіспен, Маднеул мыс-барит-полиметалл кен орнында игеріліп келе жатыр. Маднеул тау-кен байыту комбинаты мыс, мыс-мырыш, барит-полиметалл, барит рудалары, барит және мыс концентраты шығарылады, бірақ шығарылатын өнім көлемі көп емес. Шамамен жылына 7,4 мың тонна мыс концентраты, 400 тонна қорғасын мен мырыш өндіріледі.

Отын-энергетика кешені

Ел аумағындағы отын-энергетика кешенінің базасы әлсіз. Халық шаруашылығына қолданылатын газ және мұнай өнімдері Азербайжаннан алынады. Соңғы жылдары онсыз да аз өндірілген жеке өндіріс өнімі азайып келеді және қазіргі уақытта тек 30 мың тонна өндіріледі, Республикадағы ең ірі Ингури СЭС-і бүгінде Абхазиямен бірлесіп пайдалануда. Грузия аумағында бірнеше көмір кен орындары бар, бірақ бүгінде тек Ткибули-Шаор кен орны ғана тиімді. Көмір өндіру іс жүзінде тоқтады. Жалғыз жұмыс істейтін тау-кен кәсіпорны- «Грузия көмір» компаниясы.

Отын-энергетика саласындағы ең ірі кәсіпорын Батуми мұнай өңдеу зауыты, қазіргі уақытта мұнай экспорты терминалы ретінде жұмыс істейді. Мұнай экспорты терминалы Қара теңізі жағалауларында Батуми қаласының шегінде орналасқан. Грузия өз клиенттеріне Қазақстан, Әзірбайжан, Түрікменстан және басқа елдерге мұнай және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеу қызметтерін ұсынады. Мұнай экспорты терминалы 140 мың тонна дейін мұнай өнімдерін қабылдай алады. 2021 жылдан бастап 4 млн тонна мұнай өндейтін, мұнай өңдеу зауытының құрылысы басталды [1].

Электрэнергетика. Электрэнергетика саласы Грузияда басқа ТМД елдер секілді кеңес одағы кезінде негізі қаланды. 2016 жылы 59 СЭС жалпы қуаты 2,7 Квт, үш жылу электр станциясы-700 МВт электр энергиясын берді. Ел аумағындағы СЭС-н алынатын қуат 78%, ал ЖЭС алынатын қуат 22% құрайды. Елдің гидропотенциалы шамамен 25% игерілді,



сондықтан болашақта 30-40 ГВт жаңа қуатпен жұмыс жасайтын энергия өндірудің жаңа көздері қажет. Грузияның ең ірі энергетикалық компаниясы – «Energo Pro».

Ингури СЭС-і кавказдағы 1300 МВт энергия беретін, ең ірі су электр станциясы. 25 жылдан бері СЭС-ті Грузия және Абхазия елдері бірге қолданып келеді. Оның ішінде электр қуатының 40% Абхазия, ал 60% Грузия қолданып отыр. СЭС орналасқан елдегі тағы бір өзен бұл Риони өзені. Рион және Шаори-Ткибуль каскады (құрамында 10 каскад бар) 529 МВт қуатпен жұмыс жасайды. Сонымен қатар Храми өзенінде СЭС 223 МВт, Арагви өзенінде 134 МВт, Кура өзенінде 70 МВт қуатпен жұмыс жасайтын СЭС орналасқан. Басқа да СЭС салыну жоспарланған [2].

Жылу электр станциялары да ел аумағында жұмыс жасайды, бірақ ролі ерекше емес. Соңғы жылдары ролі бірте-бірте төмендеуде. Мемлекет аумағындағы ең ірісі – Тбилиси ГРЭС-і, жалпы қуаты 1700 МВт.

2011-2015 жылдары ішкі электр энергиясын өндіру тұрақты түрде өсті. Жылдық көрсеткіштер бойынша өндіріс тұтынудан асып түсті, бірақ қыс айларында су тораптарының маусымдық жұмысына байланысты дәстүрлі түрде осы электр ресурстарының тапшылығы пайда болды. Жетпеген энергия көздері Ресей, Әзірбайжан, Армениядан алынады. 2015 жылы жалпы қуаты 820 МВт болатын 17 шағын және орта СЭС салу бойынша жобаларды іске асыру басталды. Грузия жекелеген кезеңдерде өз өндірісінің электр энергиясын экспорттайды, оның көрші мемлекетке транзитін қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары Грузия шамамен 12 млрд кВт·сағат электр энергиясын өндіреді, 13 млрд кВт·сағат электр энергиясын тұтынады.

Машина жасау өнеркәсібі тәуелсіздік жылдары өндіріс көлемі күрт азайды. Кеңес заманында бұл саланың едәуір бөлігі Грузиядан тыс жерлердегі зауыттармен ынтымақтастықта жұмыс істейтін одақтық маңызы бар кәсіпорындар болды, сондықтан бұрынғы республикалармен байланыстың үзілуі мамандандыруды тоқтатуға мәжбүр етті. Алайда, өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы машина жасаудың үлес салмағы төмендегенімен, салыстырмалы түрде жоғары болып қала берді. Себебі 1990 жылы өнеркәсіптің құлдырауы жалпыға ортақ болды, ол белгілі бір дәрежеде грузин индустриясының барлық салаларында көрінді.

Қазіргі кезде келесі маңызы зор өнеркәсіп орындары жұмыс жасайды. Тбилиси электровоз жасау зауыты (1957 жылы салынған) кеңес кезеңінде тұрақты тоқтың көмегімен, магистральдық жүк тасымалдаушыларын шығаруға маманданған. Қазіргі уақытта кәсіпорын жылына бірнеше электровоз шығарады, негізінен жөндеумен айналысады.

Ел астанасының оңтүстік-шығысында 1941 жылы салынған, Тбилиси ұшақ жасау заводы орналасқан. Завод негізінен әскери ұшақтар мен ракеталар шығарды. Қазіргі уақытта авиатехника мен Су-25 ұшақтарының жекелеген компоненттерін жөндеу және қызмет көрсету салаларымен жұмыстанады. Оларды күрделі жөндеуге және жаңғыртуға дайын екендігін мәлімдейді.

КАЗ маркалы жүк көліктерін шығару 1950 жылы Кутаиск автомобиль зауытында орналастырылды, 1990 жылы зауыт 5736 жүк көлігін шығарды, КСРО ыдырағаннан кейін өндіріс тоқтады. Қазіргі уақытта теміржол көлігі үшін қосалқы бөлшектер, вагондар, мотоблоктар, ауыл шаруашылығы техникасына арналған аспалы жабдықтар өндіреді.

Химия өнеркәсібінің негізі Грузияда 1970-1980 жылдары қаланды. Ол химиялық тыңайтқыштар, химия талшықтары, лак-бояу бұйымдары, тұрмыстық химия және тау-химия шикізатын өндіруге маманданған өндіріс орындары жұмыс жасайды. Химия өнеркәсібінің негізгі орталығы Рустави қаласы. Рустави химия комбинаты аммиак селитрасын, азот қышқылын, аммиак, аммоний сульфатын, цианид натрийін шығарады. 2015 жылдан бастап мыс сульфатын шығарады. Кәсіпорын өнімдері өте жоғары сұранысқа ие: 20 елге экспортқа, яғни шығарылған өнімнің шамамен 85% сыртқа кетеді. 2016 жылға дейін завод өте



перспективалы болды. Қазіргі уақытта заңды мәртебесінің белгісіздігіне байланысты, жұмыспен қамтылғандардың қысқаруы және өнім шығару көлемінің төмендеуіне алып келді.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі. Құрылыс материалдары өнеркәсібін өз өнімдерімен толық қамтамасыз етіп отыр. Цемент өнеркәсібі екі компанияға тиесілі үш кәсіпорынмен ұсынылған, «Сакцементи» ЖШҚ-ға Рустави мен Каспиде орналасқан екі кәсіпорын кіреді. Екінші ірі өндіруші-Руставидегі бір шағын цемент зауытына иелік ететін Kartuli tsementi компаниясы.

Өнеркәсіптің аумақтық құрылымы. Грузия бірнеше ірі индустриялық орталықтарда өнеркәсіптік қызметтің күрт шоғырлануымен сипатталады. 2013 жылы Грузияның өнеркәсіптік өнімдерінің 39% ел астанасында өндірілді, 22% Квемо-Картли өлкесіне, 9,3% Имерети, 6,0% Самегрело және Земо-Сванети, 5,6% Шида-Картли. Осылайша, аталған бес әкімшілік бірлік Грузияның өнеркәсіптік өнімдерінің 82% өндірді. Бұл аумақта Грузияның үш маңызды өнеркәсіптік торабы орналасқан: Тбилиси-Рустави шамамен 60%, Зестафони-Чиатур 15% және Кутаиси-Ткибул 7%. Мемлекеттің батыс және шығыс бөліктерінде өнеркәсіптік өндірістің дамуы шамалы [1].

Ауыл шаруашылығы. Кеңес заманында Грузияда көп салалы ауыл шаруашылығы және жеткізілетін шикізатты қайта өңдейтін қуатты өнеркәсіппен ұсынылған жақсы дамыған агроөнеркәсіптік кешен құрылды. Қазіргі кезде ауыл шаруашылық саласының үлесі барынша азаюда, халық шаруашылығында алатын орын 34% ғана. Ауыл шаруашылық жерлері 1,9 млн га жерді алып жатыр. Оның ішінде егістік 0,6 млн га, шөп шаруашылығы мен жайылым 1,3 млн га жерді алып жатыр. Орман ел аумағының 40% алып жатыр. Қалған жерлер пайдаланылмаған және аз пайдаланылған жерлерге, сондай-ақ қалалық елді мекендер, өнеркәсіп және көлік жүретін жерлеріне жатады.

Ауылшаруашылық өнімдерін өндіру құрылымында жеке сектордың үлесі шамамен 90% құрайды.

Ауыл шаруашылығының мамандануы және айтарлықтай дәрежеде елдің табиғи жағдайларының ерекшеліктерімен де байланысты. Өсімдік шаруашылығының үлесіне - 57% келеді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру құрылыс секторының үлесі шамамен 90%. Өсімдік шаруашылығы - 57%. Мал шаруашылығы -43% алады.

Грузия елінің топырағы құнарлы, бірақ таулы жер бедері егіншілікке жарамды аумақты шектейді, сондықтан ауылшаруашылық жерлерімен қамтамасыз етуді де шектеп отыр. Тау рельефі ауылшаруашылық техникасын қолдануды қиындатады. Ауыл шаруашылығына тиімді, өңделетін жерлердің ең үлкен массивтері Колхида ойпатында, төменгі Картлия жазығында, Норск үстіртінде және Джавахет тауларында, Алазан алқабында, Ахалцих бассейнінде шоғырланған. Грузияның шығыс аймақтарында ауыл шаруашылық жерлері суландыруды қажет етеді. Кеңес одағы жылдары мұнда ірі суару жүйелері құрылды, олардың арасында жоғарғы Алазан каналын ерекше атауға болады. Қара теңіз аймақтары, керісінше, құрғатуды қажет етеді, әсіресе Колхида ойпатында. Маңызды дақылдар-жүзім, цитрус, жеміс және ерте стуға арналған көкөністер. Ылғалды субтропиктік дақылдар (құрма, фейхоа, локат, інжір, анар, лавр), шай және тунг ағашы ерекше орын алады. Елдің батыс аймақтарында эвкалипттің 30-ға дейін түрі өсіріледі, бұл ағаштан құрылысқа қажетті ағаш мен эфир майлары өндіріледі.

1990 жылы мемлекеттің егістік жерлері 702 мың га (Абхазия және Оңтүстік Осетия) жетті, ал 2013 жылы егістік жерлері 311 мың га дейін азайды. Егістік жерлерінде негізінен 3/4 бөлігіне дәнді дақылдар өсіріледі. Ал картофель және бакша дақылдары 1/6 егіледі. Жем-шөп бағытында шөптесін өсімдіктер де өсіріледі.

Дәнді дақылдар шамамен 150 мың га алып жатыр. Грузияда жаздық дақылдар басым-жылдары олар дәнді дақылдардың 2/3-3/4 бөлігін алады. ең маңызды көктемгі дақыл-егіннің 2/3 бөлігін алады бұл жүгері дақылы. Жүгері Грузияның батысында көп өсіріледі, жүгері дақылдарының 70% Имеретия мен Самегрело мен Земо-Сванетти аймақтарында өсіріледі.



Соңғы жылдары жүгері аймақтары Грузияның шығысында кеңейіп келеді. Күздік дақылдардан негізінен бидай мен арпа өсіріледі. Олар Шығыс Грузияда өсіріледі: бидай мен арпаның 3/4 бөлігі Кахети және Шида Картли аудандарында шоғырланған. 1990 жылы жалпы астық жинау 666 мың тоннаны, 2013-2018 жылдары 400-300 мың тоннаны құрады.

Техникалық дақылдардан Грузияда негізінен күнбағыс өсіріледі. Аджарияның таулы аудандарында темекі өсіріледі.

Ел аумағында 20 мың га картоп өнімдері өсіріледі. Картоп негізінен елдің оңтүстік аймағында, Кіші Кавказ тау бөктеріндегі Самцхе – Джавахети, Квемо-Картли және Аджария аудандарында өсіріледі. 2009-2019 жылдардағы картоптан алынған өнім 200-250 мың тоннаны құрады.

Жүзім шаруашылығы Грузияда ауыл шаруашылығының маңызды салаларының бірі жүзім шаруашылығы.

Грузия аумағы бес жүзім зоналарына бөлінген: 1) Кахетия-Алазан және Иори өзені бассейнінде орналасқан. 2) Картли-Горий және Мухран тау бөктеріндегі жазықтарда Кура өзенінің бассейнінде орналасқан. 3) Имерети-Риони және Квирила өзендері бассейнінде орналасқан. 4) Рача-Лечхуми. 5) Қара теңіз жағалауларында Аджария, Гурия, Мегрелия аудандарында өсіріледі. Аймақтардың әрқайсысы, өз кезегінде, жүзім өнімдерінің сапасына жарқын із қалдырған микроклимат пен топырақ айырмашылықтарының ерекшелігімен сипатталатын микророналарға бөлінеді. Грузия жүзімдіктерінің шамамен 60% шоғырланған, Кахети аймағы ең маңызды аймақ болып табылады. Алазан алқабы-Гурджаан муниципалитеті ерекше көзге түседі. Бұл территорияда жүзім көбінесе тау бөктерінде өсіріледі, онда жүзім өсуге қолайлы орманның қоңыр және қара шіріндісі мол карбонатты топырақтар бар. Екінші маңызды аймақ Имерети аймағы, оның үлесі жүзімдіктер аумағының 23% құрайды.

Жүзім шаруашылығы толығымен шағын және кіші шаруашылықтардың қолында шоғырланған. 2004 жылғы санақ бойынша жүзім шаруашылықтарының 92% ауданы 5га аумақты алып жатты. Жүзімнің жылдық өнімі қазіргі уақытта 150-ден 230 мың тоннаға дейін өсіп отыр, бұл кеңес кезеңіндегі көрсеткіштерден бірнеше есе аз. Жиналған өнімнің жартысына жуығы Кахетия ауданына тиеселі.

Грузин ауыл шаруашылығының мамандануының тағы бір маңызды саласы-жеміс өсіру. Жемістер барлық жерде өсіріледі, олар Грузияның шығыс аймақтарында, әсіресе Шида Картлиде кең таралған, онда жақсы егін жинау кезінде Грузияның жалпы өнімінің үштен біріне дейін жиналады. Әсіресе үлкен бақтар Тирипон алқабында, Гория муниципалитетінде, олар Кахетиядағы жүзім сияқты маңызды. Бұл аймақта бақтардың төрттен бір бөлігі және Грузиядағы барлық алма ағаштарының үштен бірінен астамы шоғырланған.

Грузияның Қара теңіз аймағында ылғалды субтропиктердің жеміс дақылдарын өсіру кең таралды. Мұнда киви, фейхоа, құрма, інжір және т.б. өсіріледі. Дәл осы аймақта орман жаңғағы (фундук) өсіріледі. Посткеңестік кезеңде жеміс-жидек өнімдерін өндіру көлемі айтарлықтай төмендеді. Жеміс өсіруде цитрус жемістерін өсіру ерекше орын алады. Бұл өндірісте Грузия посткеңестік кеңістіктегі монополист болып табылады. Соңғы онжылдықтарда 50-60 мың тонна цитрус өсімдіктерінен өнім алынды.

Грузияның негізгі цитрус дақылдары мандарин болып табылады, аз мөлшерде апельсин мен лимон жиналады, ал одан да аз мөлшерде грейпфрут алынады. Өнімнің көп бөлігі шетелге экспортталады, қазіргі уақытта негізгі экспортталған өнім Ресей мен Украинаға жіберіледі.

Цитрус дақылдары негізінен Аджария аймағында өсіріледі. Цитрус плантациялары теңіз жағалауындағы Кобулет пен Хельвачаур муниципалитетінде шоғырланған. Аз мөлшерде цитрус Грузияның басқа Қара теңіз аймақтарында Мегрелия мен Гурияда өсіріледі.



XIX ғасырдан бастап Грузия елінде шай шаруашылығы жолға қойылған. Кеңес одағы кезінде шай ел шаруашылығының маңызды бөлігі болды. Кеңес одағы кезінде 67 мың га жерге егілді және 580 мың тонна шай өнімдері алынды. Дегенмен шай өсіру қазіргі кезде шай өсіру күрт төмендеді. Өндірілген шай өнімдерінің барлығы сыртқа экспортталады. Шай өсірілетін плантациялар Қара теңіз жағалауларында және Риони өзенінің төменгі ағысында орналасқан Аджария, Гурии және Мегрелии аудандарында өсіріледі.

Ауыл шаруашылығынан өндірілетін өнімнің 55-60% мал шаруашылығынан өндіріледі. Грузиядағы мал шаруашылығының сүтті-етті бағыттары басым, шығыс аудандарда ірі қара саны 60%-дан жоғары, ал Мцхета-Мтианети аймағында ол 75% жетеді. Тәуелсіздік кезеңінен бастап мал саны жыл сайын артып келеді.

Мал шаруашылығы батыс аудандарда да жақсы таралды. Ірі қара 40% Имерети, Самегрело және Земо-Сванети аудандарында таралған.

Қой және ешкі шаруашылығы шығыс ауданның негізгі саласы болып саналады. Қой және ешкі шаруашылығы Үлкен Кавказ және Оңтүстік-Грузин таулары және басқа аудандардың альпі шалғындарында орналасқан жазғы жайылымдарда жолға қойылған. Қысқы жайылымның жетіспеушілігі саланың дамуына кері әсерін тигізіп отыр.

Қой мен ешкі санының 3/4 бөлігі шығыстағы екі аймақта шоғырланған-Кахети және Квемо Картли. Қой шаруашылығы басқа мал шаруашылығына қарағанда әлдеқайда ауыр, посткеңестік кезеңдегі дағдарысты бастан өткерді. Тәуелсіздік жылдарында ұсақ мал басының саны 2,5 есе азайды, тек 2010 жылдардан бастап мал басы өсе бастады.

Шошқа шаруашылығы ел аумағында жақсы жолға қойылған. Қазіргі кезде шошқа шаруашылығының 40%, елдің батысында Имерети, Самегрело және Земо-Сванети аудандарында жолға қойылған [1].

Көлік кешені жүктердің негізгі ағыны Баку арқылы өтеді, ал теңіз порттары, жолаушылар авиациялық және автомобиль көлігімен тасымалданады.

Автомобиль көлігі XIX-XX ғасырлар тоғысында дами бастады. Қазіргі уақытта жолдың рөлі, елдің экономикалық өмірінде маңызды болып саналады. Барлық дерлік елді мекендер аудан орталықтарымен автомобиль жолдарымен байланысқан және негізгі магистральдарға қол жетімді. Олар: Әскери-Грузин, Натахтари - Рикото асуы - Самтредиа, Қара теңіз тас жолы, Әскери-Осетин жолы, Тбилиси-Акстафа-Ереван, Тбилиси-Акстафа-Баку авто жолдар. Рока асуында транскавказ тас жолы салынууда.

Теңіз көлігі. Теңіз көлігі негізінен экспорттық-импорттық жеткізілімдерді қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары бұл шамамен 15-16 млн. тонна. Ең ірі порты Поти (6 млн. т). болып табылады Ол арқылы мұнай өнімдері мен концентраттардың экспорты жүреді, астық пен құрылыс материалдары әкелінеді. Қуаттылығы бойынша екінші орында Батуми порты мен Супса теңіз терминалы, мұнда негізінен экспортқа мұнай мен мұнай өнімдері жөнелтіледі. 2 млн тоннаға жуық мұнай жүктерін ауыстырып тиеу Кулеви жаңа портында жүзеге асырылады. Оның аумағында болашақта мұнай өңдеу заводы салу жоспарлануда. Анаклия терең теңіз порты (Грузия мен Абхазия шекарасында) Грузиядағы ең ірі инвестициялық жоба болып табылады. 2019 жылдың маусымында Францияның ең ірі Eiffage компаниясы Анаклия терең теңіз портын салудың бас мердігері болды. Бас конструктор ретінде – «Анаклияны дамыту консорциумы» тағайындалды.

Құбыр көлігі. Грузияда Ресей империясында алғашқы Баку-Батуми магистральдық мұнай құбыры салынды. 1950 жылдардың аяғынан бастап газ құбыры көлігі дами бастады. Магистральдық газ құбыры Грузияны Әзірбайжан мен Солтүстік Кавказбен байланыстырады.

1996 жылы наурызда Грузия аумағында Каспий мұнайын Жаңа Супса портына айдау үшін құбырды салу және пайдалану туралы шарттар пакетіне қол қойылды. Қазіргі уақытта сақтау көлемі шамамен 200 мың тоннаны құрайды, айдау көлемі тәулігіне мың тоннаға жуық. 2018 жылы шамамен 5 миллион тонна мұнай жеткізілді. Баку - Тбилиси - Джейханның



негізгі экспорттық құбыры арқылы жыл сайын шамамен 45 миллион тонна Әзірбайжан мұнайы айдалады.

Соңғы 10 жылда әуе тасымалы тұрақты түрде өсіп, 500 мың жолаушы деңгейіне жетті. Негізгі халықаралық әуежайлар: Тбилиси-Батуми бағытында жүреді [1].

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Грузияның сыртқы сауда балансы теріс. Экспорт кезінде 3-3,5 млрд. доллар, импорт 8,5 миллиард доллардан асады. Грузия экспортының жартысына жуығы және импорттың үштен бірі шекаралас елдерге (Ресей, Әзірбайжан, Армения) тиеселі, экспорттың төрттен біріне жуығы және ЕО-қа импорттың 30% дейін келеді. Маңызды серіктестері-Түркия мен Қытай.

Экспорттың жетекші өнімдері - кен және металл, феррокорытпалар, автомобильдерді қайта экспорттау, шарап және шарап материалдары, темекі және емдеу құралдары. Импортта мұнай, мұнай өнімдері және басқа көмірсутектер (Әзірбайжаннан), жеңіл автомобильдер, мыс кендері мен концентраттар (Армениядан) басым.

Қорытынды

XX ғасырдың басында экономикалық географияның аудандастыру мектебінің өкілі Н.Н Баранский «Экономикалық география пәні елдер мен аудандардың өзіндік ерекшеліктерін, Жер шарындағы шаруашылықтың кеңістіктік, яғни бір жердің екінші жерден айырмашылығын, сондай-ақ шаруашылықтағы кеңістіктік үйлесімділіктерін зерттейді» деп анықтама берген болатын [3].

Осы мақалада Грузия мемлекетінің географиялық орналасуы және табиғи ерекшеліктеріне байланысты шаруашылығының даму жағдайын толық сипаттама берілді. Яғни Грузияның экономикалық-географиялық орналасуының өте қолайлы болуы, оның дамуына маңызды фактор болып саналады. Ел экономикасының дамуында үлкен рөл атқаратын шаруашылық түрлерінің негізгілеріне тоқталып өттік.

Ежелгі заманнан бері Грузия аумағында табиғи жағдайлары, тарихи даму ерекшеліктері, экономикалық мамандануы, халықтың өмір салты, тілдік маңыздылығымен ерекшеленетін тарихи провинциялар қалыптасты. Қазіргі уақытта елдің аумағы іс жүзінде дәстүрлі тарихи провинцияларға негізделген 12 әкімшілік-аумақтық бірлікке бөлінгенде ерекше атап өтуге болады. Олар: Кахети, Мцхета-Мтианети, ішкі Картли, төменгі Картли, Самцхе-Джавახети, Имерети, Рача-Лечхуми-Төменгі Сванетия, Самегрело-Жоғарғы Сванетия, Гурия, Аджария, Тбилиси. Олардың әрқайсысы экономикалық мамандануы және ішкі өндірістік байланыстары бар айқын экономикалық аймақ болып табылады. Грузия астанасының саяси, экономикалық, мәдени өмірдегі маңыздылығын ескере отырып, Тбилиси тәуелсіз әкімшілік бірлік ретінде ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] В.Л. Бабури, Г.И. Гладкевич, А.И. Даньшин, М.П. Ратанова. Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья. Москва 2021 г 261-262 стр; 193-223 стр

[2] Под редакцией М.И Ратановой Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья. Москва 2004 г 187-222 стр.

[3] А.М. Сергеева, Т.А. Терещенко, Г.Е. Бердыгулова Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе 1-бөлім, 2022 ж 10-12 б.

[4] А.М. Сергеева, Т.А. Терещенко, Г.Е. Бердыгулова Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе 2-бөлім, 2022 ж 25-26 б

REFERENCES

[1] Baburin V.L., Gladkevich G.I., Dan'shin A.I., Ratanova M.P.(2021) Ekonomicheskaya i social'naya geografiya stran blizhnego zarubezh'ya [Economic and social geography of the CIS countries] P. 261-262.[in Russian].



[2] Ekonomicheskaya i social'naya geografiya stran blizhnego zarubezh'ya / Pod redakciej M.I Ratanovoj(2004) [Economic and social geography of the CIS countries] – S. 187-222.[in Russian].

[3] Sergeeva A.M., Tereshchenko T.A., Berdygulova G.E. (2022) Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе[Introduction to social, economic and political geography] 1-бөлім, P. 10-12.[in Kazakh].

[4] Sergeeva A.M., Tereshchenko T.A., Berdygulova G.E. (2022) Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе[Introduction to social, economic and political geography]P. 25-26.[in Kazakh].

Ходжанова Б.Х
**СТРУКТУРА И ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ ХОЗЯЙСТВО
РЕСПУБЛИКИ ГРУЗИИ**

Аннотация. В данной статье рассматривается вопрос о структуре и территориальной организации хозяйства грузинского государства. В структуре хозяйствования страны в первую очередь дается характеристика современного социально-экономического положения страны. В результате распада СССР стабильное развитие в стране достигло состояния спада с разрывом экономических связей. ВВП страны упал до пяти раз. В сельском хозяйстве снизилась доля промышленности, увеличилась доля сельского хозяйства. На территории государства налажены отрасли топливно-энергетической, металлургической, химической и нефтехимической, машиностроительной и металлообрабатывающей, лесной и деревообрабатывающей, легкой, пищевой промышленности.

В настоящее время доля сельского хозяйства сокращается до минимума, доля сельского хозяйства составляет всего 34 процента. Доля растениеводства в стране составляет 57 процентов, животноводства-43 процента. Негативное влияние на динамичное развитие растениеводства оказывает нагорье рельефа. На территории страны растут виноград, цитрусовые, хурма, фейхоа, инжир, гранат, лавр и чайные деревья. Также выращиваются злаки, картофель, бахчевые и кормовые травянистые растения, а из технических культур-табак, подсолнечник.

В животноводстве налажено молочно-мясное скотоводство, овцеводство и козоводство. По транспортному комплексу на территории страны налажен автомобильный, морской, трубопроводный, воздушный транспорт.

Ключевые слова: Грузия; Тбилиси; Черное море; Каспийское море; Кавказские горы; река Риони; Кольхидская низменность.

Hodzhanova Baldai
**STRUCTURE AND TERRITORIAL ORGANIZATION OF THE ECONOMY OF THE
REPUBLIC OF GEORGIA**

Annotation. This article examines the issue of the structure and territorial organization of the economy of the Georgian state. In the structure of the country's economy, first of all, a characteristic of the current socio-economic situation of the country is given. As a result of the collapse of the USSR, stable development in the country reached a state of recession with the rupture of economic ties. The country's GDP has fallen to five times. The share of industry in agriculture has decreased, and the share of agriculture has increased. The state has established branches of fuel and energy, metallurgical, chemical and petrochemical, machine-building and metalworking, forestry and woodworking, light and food industries.



Currently, the share of agriculture is decreasing to a minimum, the share of agriculture is only 34 percent. The share of crop production in the country is 57 percent, and livestock production is 43 percent. The upland terrain has a negative impact on the dynamic development of crop production. Grapes, citrus fruits, persimmons, feijoa, figs, pomegranate, laurel and tea trees grow on the territory of the country. Cereals, potatoes, melons and forage herbaceous plants are also grown, and tobacco and sunflower are from industrial crops.

Dairy and meat cattle breeding, sheep breeding and goat breeding are established in animal husbandry. Automobile, marine, pipeline, and air transport have been established in the country's transport complex.

Key words: *Georgia; Tbilisi; Black Sea; Caspian Sea; Caucasus Mountains; Rioni River; Kolkhida lowland.*

УДК 913:910.1
МРНТИ 39.21.02
DOI 10.37238/1680-0761.2023.92(4).83

Герасименко Т. И.¹, Родоман Б. Б.²

¹ Институт географии РАН, 119017, г. Москва, Российская Федерация

² Независимый исследователь, Российская Федерация

E-mail: gerasimenko@igras.ru

